

№ исх: 03-27/Д-3622/ДС-328 от: 16.10.2023

№ вх: 4495/ДС-328 от: 16.10.2023

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КӨЛІК
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ТРАНСПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

№ _____

2023 жылғы 21 қыркүйектегі № ДС – 328 хатқа

Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің депутаттары
Е. Бейсенбаевқа, А. Перуашевке,
Д. Еспаеваға, Е. Барлыбаевқа,
Қ. Исаға, А. Садықовқа

Құрметті депутаттар!

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі 2023 жылғы 21 қыркүйектегі ДС-328 үшін халықаралық автомобиль жүктерін тасымалдауға қатысты депутаттық сауалды қарап, жауап жолдайды.

Қосымша 9 парақта.

Министрдің
міндетін атқарушы

М. Қалиақпаров

✍: Купбаев А.М.

☎: 98-35-18

a.kupbaev@miid.gov.kz



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

№ 582-с 2023 ж. 13 қазан
Астана қаласы

город Астана

**Иссапар және Министрдің
міндеттерін атқаруды жүктеу туралы**

«Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 57-бабына сәйкес, Қазақстан Республикасының Президенті Қ.К. Тоқаевтың жұмыс сапары шеңберінде, «Бір белдеу - бір жол» форумына қатысу мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. 2023 жылғы 14 қазаннан бастап 19 қазанды қоса алғанда, 6 күндік мерзімге (жолды есепке алғанда) Бейжің қаласына (Қытай Халық Республикасы) қызметтік іссапарға жүремін.

2. Қаржы және корпоративтік басқару департаменті белгіленген тәртіппен «Алматы – Бейжің – Астана» бағыты бойынша жол жүру, 5 күн тәулікақы, 4 тәулік тұрғын үй-жайды жалдау шығыстары «Шетелдік іссапарлар» 005 бағдарламасы бойынша жүзеге асырылатынын ескеріп, «Астана – Алматы» бағыты бойынша әуе көлігімен жол жүру, 1 күн тәулікақы, 1 тәулік тұрғын үй-жайды жалдау шығыстарын төлесін.

3. Иссапар кезеңінде Министрдің міндеттерін атқару Қазақстан Республикасы Көлік вице-министрі Мақсат Қайыржанұлы Қалиақпаровқа жүктелсін.

Министр



М. Карабаев

Қазақстан Республикасы Көлік министрлігі (бұдан әрі – *Министрлік*) 2023 жылғы 21 қыркүйектегі ДС-328 үшін халықаралық автомобиль жүктерін тасымалдауға қатысты депутаттық сауалды қарап, мынаны хабарлайды.

Жүктерді автокөлікпен халықаралық тасымалдау Қазақстан Республикасының Үкіметі мен шет мемлекеттердің үкіметтері арасында жасалған келісімдер негізінде жүзеге асырылады, оған сәйкес жүктерді халықаралық тасымалдауды осы тасымалдауға жіберілген тасымалдаушылар жүзеге асырады және әрбір автокөлік құралына шетелдік рұқсат беріледі.

Шетелдік рұқсатты алу және халықаралық тасымалдауды орындау үшін компанияға Автокөлік құралдарына рұқсат куәлігі мен рұқсат карточкалары алынуы тиіс.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы жыл сайын шетелдік рұқсаттар квоталарымен алмасу жүргізілетін 42 елмен келісімдер жасасты.

Мемлекеттік қызмет көрсету үдерістерін оңайлатуға (оңтайландыруға) байланысты (АКҚ, АКҚ жалдау шарттары туралы деректер және басқа да мәліметтер электрондық түрде ұсынылады) жосықсыз Делдал тасымалдаушылар тарапынан түрлі алаяқтық (заңсыз) іс-қимылдардың (қайта сату, шетелдік рұқсаттардың жасанды тапшылығы) дамуына әкелді.

2019 жылы Министрлік автокөлік туралы жалған мәлімет берген жасанды тапшылыққа әкеп соқтырған қайта сату үшін рұқсат карточкалары мен шетелдік рұқсаттар алған жосықсыз компаниялардың схемасын анықтады.

Министрлік қабылдаған шаралармен Электронды өтінім беру (бұдан әрі – ЭӨБ) жүйесінен 50-ге жуық «компания» 1000-нан астам АКҚ бірлігі алынып тасталды, 14 компания бойынша сот шешімімен рұқсат куәліктері мен карточкалары жарамсыз деп танылды, 8 компанияға қатысты полиция қылмыстық іс қозғады.

Шетелдік рұқсаттарды бөлу жүйесінің жетілмегендігіне және жосықсыз тасымалдаушылар тарапынан теріс пайдаланылуына байланысты және шетелдік рұқсаттарды беруді автоматтандыру мақсатында Министрлік «Атамекен» ҰКП, «Қазлогистикс» СТК, ҚазАТО-мен, қоғамдық ұйымдармен, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметпен және Бас көлік прокуратурасымен бірлесіп 2020 жылы НҚА-ға қажетті түзетулер енгізілді, шетелдік рұқсаттарды бөлу мен берудің бизнес-процесін жетілдіру бөлігінде 2012 жылдан бері қолданылып келе жатқан мемлекеттік қызметтердің ескірген кіші жүйесінің функционалдылыққа модификация жүргізілді.

Анықтама ретінде:

Рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына енгізілген түзетулер 2020 жылғы 11 маусымнан бастап заңды күшіне енді.

Рұқсаттарды бөлу мен берудің пысықталған автоматтандырылған жүйесі 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданылады.

Автоматтандырылған жүйенің функционалын өзгерту жөніндегі шараларды, сондай-ақ НҚА-ға түзетулер әзірлеуді Министрліктің Көлік комитеті ҚР автомобиль тасымалдарының рұқсат беру жүйесін халықаралық қатынаста жетілдіру жөніндегі жұмыс тобымен бірлесіп қабылдады (ҚР Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің м.а. 12.03.2020 жылғы № 137 бұйрығымен бекітілген).

Анықтама ретінде: Жұмыс тобының құрамына: мемлекеттік органдардың, қауымдастықтың, «Атамекен» ҰКП, «Қазлогистикс» СТК, ҚазАТО өкілдері, тасымалдаушылар

кірді. Байқаушылар ретінде жұмыс тобына ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің және ҚР Бас көлік прокуратурасының өкілдері қатысты.

Алынған шетелдік рұқсаттар 2021 жылғы 1 қаңтардан бастап іске қосылған автоматтандырылған жүйе бойынша отандық тасымалдаушылар арасында бөлінеді.

Рұқсаттар әрбір тасымалдаушыға бір жылға бекітіледі, қажет болған жағдайда, жыл ішінде бекітілген рұқсаттарды алу мүмкіндігі беріледі және қосымша қажеттілік туындаған жағдайда резервтен рұқсаттар алу мүмкіндігі беріледі.

Бір жылға шетелдік рұқсаттардың бекітілуін алмаған немесе оларға бекітілген бір жылға шетелдік рұқсаттарды толық пайдаланған тасымалдаушылар, жаңа тасымалдаушылар немесе жаңа бағыттар бойынша тасымалдауды жүзеге асыруға шешім қабылдаған тасымалдаушылар үшін резервтен шетелдік рұқсаттар қолжетімді.

Ашықтықты қамтамасыз ету (сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін болдырмау) мақсатында шетелдік рұқсаттарды бөлу адамның қатысуынсыз жүзеге асырылады.

Қабылданған шаралар мыналарды қамтамасыз етуге мүмкіндік берді:

- жыл бойы тасымалдауды жүзеге асыруға кепілдік берілген тасымалдаушыларға шетелдік рұқсаттарды бекіту;

- пайдаланылмаған шетелдік рұқсаттарды қайтаруды азайту;

- тасымалдаушылардың шетелдік рұқсаттарды нақты пайдалану бойынша қатаң есепке алу;

- тасымалдаушылар нақты пайдаланатын автокөлік құралдары бойынша есептерді қолдану;

- жыл бойы шетелдік рұқсаттарды тасымалдаушылар арасында біркелкі бөлу үшін құралдарды қолдану;

- шетелдік рұқсаттарды басқарусыз бөлу, бір қолға көптеген шетелдік рұқсаттарды алу алынып тасталды;

- автокөлік құралдары паркінің жалған қалыптасуы алынып тасталды;

- тасымалдаушыларды шетелдік рұқсаттарды уақтылы қайтаруға ынталандыру қағидаты енгізілді (шетелдік рұқсаттарды қайтармау, уақтылы қайтармау, түзетулермен қайтару, пайдаланылмағандарды қайтару және жоғалту).

Бұл ретте рұқсатты басқарусыз бөлу, бір қолға көп рұқсат алу, АКҚ паркін жалған қалыптастыру және басқа да бұзушылықтар алынып тасталды.

Министрліктің шетелдік рұқсаттарды бөлу, беру және НҚА-ға қосымша талаптарды белгілеу жөніндегі талаптарды қатаңдату бойынша қабылдап жатқан шараларына қарамастан, жосықсыз компаниялар жаңа күшейтілген талаптарға бейімделді (әр өңірде бірнеше ЖК ашып, шетелдік рұқсаттардың ең аз санын алады, сондай-ақ сатуды және үшінші тұлғаларға беруді жалғастыруда).

Қалыптасқан жағдайға байланысты және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2022 жылғы 1 шілдедегі халықаралық тасымалдарды және өзге де рәсімдерді жүзеге асыруға рұқсат алу талаптарын күшейтуге қатысты отандық кәсіпкерлер мәселелері жөніндегі кеңестің қорытындылары бойынша берілген хаттамалық тапсырмасын орындау үшін Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрінің 2022 жылғы 13 желтоқсандағы № 715 бұйрығымен (бұдан әрі – бұйрық) Халықаралық автотасымалдауға рұқсат беру қағидаларына және Рұқсат беру жүйесін қолдану қағидаларына халықаралық тасымалдарды және өзге де рәсімдерді жүзеге асыруға рұқсат алуға қойылатын талаптарды күшейту бөлігінде өзгерістер енгізілді (бұйрық 2023 жылғы 20 ақпаннан бастап заңды күшіне енді).

Бұйрыққа түзетулер салалық қауымдастықтар мен кәсіпкерлер-отандық тасымалдаушылардан, «Атамекен» ҰКП, ҚазАТО-дан келіп түскен ұсыныстарды ескере отырып, рұқсат беру жүйесін жетілдіру жөніндегі жұмыс тобымен бірлесіп әзірленді.

Бұйрықтың талаптары халықаралық қатынаста жүктерді автотасымалдаудың отандық нарығын қорғауға және дамытуға, отандық тасымалдаушыларды халықаралық стандарттар талаптарына сәйкес келтіруге, бәсекеге қабілеттілікті, оның ішінде автокөлік құралдары мен жүргізуші құрамын арттыруға, шетелдік рұқсаттардың жасанды тапшылығын және халықаралық автотасымалдардың рұқсат беру жүйесі саласындағы басқа да бұзушылықтарды болдырмауға бағытталған.

1. Қолданылу мерзімі белгіленді:

- шетелдік рұқсатты қолданбай рұқсат беру – 2 жыл (*шетелдік рұқсаттар талап етілмейтін елдерге және ЕАЭО елдерінің ішінде тасымалдау*);

- шетелдік рұқсатты қолдана отырып рұқсат беру – 5 жыл (*шетелдік рұқсаттарды қолдана отырып, алыс шет елдерге тасымалдау*);

2. Тасымалдаушыларға қосымша талаптар белгіленді:

- тахографтарға жүргізуші карточкалары ҚР-да берілуі тиіс;

- жүргізушілердің саны АКҚ санына сәйкес болуы тиіс (*шетелдіктерді қоса алғанда, жұмысқа орналастырылған жүргізушілер ҚР Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігінің еңбек шарттарын есепке алу базасында болуы тиіс*);

3. Рұқсатты және рұқсат карточкасын беруден бас тарту негіздерімен толықтырылды:

- жүргізуші құрамы санының АКҚ санына сәйкес келмеуі;

- АКҚ-ды 6 ай ішінде 2 реттен артық жалға алу;

4. Рұқсатты және рұқсат карточкаларын тоқтату негіздерімен толықтырылды:

- шетелдік рұқсаттарды үшінші тұлғаларға беру (қайта сату);

- шетелдік рұқсаттарды (түзетулерді) қолдануға байланысты бұрмалаулар;

5. Қосымша 12 құжат түрін (*ТКЖ, СМР, эмиссияны төлеу жөніндегі декларация, мемлекеттік кірістер органдары алдында берешектің жоқтығы туралы мәліметтер және т.б.*) ұсыну арқылы АКҚ-ға Рұқсатты және рұқсат карточкасын алу үшін құжаттар тізбесімен толықтырылды.

Халықаралық қатынаста тасымалдау қызметін нақты жүзеге асыратын тасымалдаушылар үшін көрсетілген құжаттарды ұсыну жүктеме болып табылмайды, өйткені бұл құжаттар тасымалдау қызметін жүзеге асыру кезінде тұрақты пайдалануда болады.

Бұл тетік жүктерді халықаралық автомобильмен тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушылардың бірыңғай базасын қалыптастыруға мүмкіндік берді.

Бұған қоса, ағымдағы жылдың сәуір айында кеден органдарының Достық-авто, Нұр-Жолы, Көлжат, Бақты және Майқапшағай өткізу пункттерінде «С» ҚХР бланкілерін беруі бойынша пилоттық жоба іске асырылды.

«С» түріндегі қытайлық рұқсаттарды тасымалдаушыға беруге өтінішті қабылдауды Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің аумақтық органдары «CarGoRuqsat» электрондық кезектің автоматтандырылған жүйесі арқылы жүзеге асырады.

Бұл тетік адал тасымалдаушыларға ҚХР-мен жүк тасымалдауды жеңілдетуге және кезекте тұрған орындармен және рұқсат бланкілерімен алыпсатарлықты

болдырмауға мүмкіндік берді.

Осындай пилоттық жобаны Атамекен, Б.Қонысбаев, Қазығұрт, Қапланбек және Тәжен өткізу пункттерінде өзбек рұқсат бланкілерін беру бойынша іске асыру жоспарлануда. Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Көлік, Қаржы және Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрлерінің бірлескен бұйрығының жобасы аталған мемлекеттік органдарда келісілуде.

Бұдан басқа, 2023 жылғы 28 наурызда «Қазақстан Республикасы мен Өзбекстан Республикасы арасындағы электрондық рұқсат бланкілеріне көшу жөніндегі жол картасына» қол қойылды.

Жол картасын іске асыру жыл сайын қағаз құжаттарды дайындау рәсімін («декарбонизация» және «жасыл экономика» қағидаттарына сәйкес) алып тастауға, оларды контрагентке жіберу процесін және оларды бөлу рәсімдерін жеңілдетуге, сондай-ақ автотасымалдаушылар үшін рұқсат бланкілерін тікелей пайдалануды жеңілдетуге мүмкіндік береді.

18-21 маусымда Өзбекстан Республикасында электрондық бланкілер жүйесінің – AsiaPermit (E-permit) техникалық мүмкіндіктерін көрсету мақсатында Тәжікстан Республикасы, Қырғыз Республикасы және Өзбекстан Республикасы өкілдерінің кездесуі өтті. Осы кездесу аясында үш елдің өкілдері арасында меморандум мен кездесу Хаттамасына қол қойылды.

Бүгінгі күні Өзбекстан Республикасының Көлік министрлігі мен Қазақстан Республикасының, Қырғыз Республикасының, Тәжікстан Республикасының көлік саласындағы уәкілетті органдары арасында «Ех-Permit» ақпараттық жүйесін - халықаралық жүк тасымалдарын жүзеге асыру үшін рұқсат бланкілерімен электрондық алмасуды енгізу жөніндегі ынтымақтастық туралы меморандумға қол қою бойынша жұмыс жүргізілуде.

Сондай-ақ, отандық тасымалдаушылардың рұқсат беру бланкілерімен еркін қамтамасыз ету үшін Министрлік қазіргі уақытта компанияны құру мерзімін есепке алмай, жүктерді тасымалдау фактісі бойынша шетелдік рұқсаттарды беруді іске асыру бойынша рұқсат беру жүйесі саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізуді пысықтауда.

Жаңа талаптарда шетелдік рұқсатқа қосымша көзделетін болады, онда тасымалдаушының атауы, заңды мекенжайы, автокөліктің маркасы мен мемлекеттік нөмірі, қозғалыс бағыты туралы ақпарат көрсетіледі. Аталған тәртіпті іске асыру көлеңкелі нарықта шетелдік рұқсаттарды қайта сату мүмкіндігін түбегейлі жоюға және нақты қажеттілікке сәйкес адал тасымалдаушыларды шетелдік рұқсаттармен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Халықаралық қатынаста жүктерді автотасымалдаудың отандық нарығын қорғауға және дамытуға бағытталған жұмыс жалғастырылатын болады.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
КӨЛІК
МИНИСТРЛІГІ



МИНИСТЕРСТВО
ТРАНСПОРТА
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

010000, Астана қ, Қабанбай Батыр даңғылы, 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

010000, г. Астана, пр. Кабанбай Батыра 32/1
тел.: 8(7172) 98 33 11
e-mail: miid@miid.gov.kz

№ _____

На обращение № ДС – 328 от 21 сентября 2023 года

Депутатам Мажилиса Парламента
Республики Казахстан
Е. Бейсенбаеву, А. Перуашеву,
Д. Еспаевой, Е. Барлыбаеву,
Қ. Иса, А. Садыкову

Уважаемые депутаты!

Министерство транспорта Республики Казахстан рассмотрев депутатский запрос ДС-328 от 21 сентября 2023 года, касательно международных автомобильных перевозок грузов, направляет ответ.

Приложение на 9 листах.

Исполняющий обязанности
Министра

М. Калиакпаров

✉: Купбаев А.М.
☎: 98-35-18
a.kupbaev@miid.gov.kz

Приложение

Министерство транспорта Республики Казахстан (далее – Министерство) рассмотрев депутатский запрос за ДС-328 от 21 сентября 2023 года, касательно международных автомобильных перевозок грузов, сообщает следующее.

Международные перевозки грузов автотранспортом осуществляются на основании Соглашений заключенных между Правительством Республики Казахстан и правительствами иностранных государств, согласно которым международные перевозки грузов осуществляются перевозчиками допущенными к данной перевозке и на каждое автотранспортное средство выдается иностранное разрешение.

Для получения иностранного разрешения и выполнения международной перевозки на компанию должно быть получено Удостоверение допуска и карточки допуска на автотранспортные средства.

В настоящее время Республикой Казахстан заключены соглашения с 42 странами, с которыми ежегодно проводится обмен квотами иностранных разрешений.

В связи с упрощением (оптимизацией) процессов оказания государственной услуги (данные об АТС, договорах аренды АТС и другие сведения представляются в электронном виде) привело к развитию разного рода мошеннических (незаконных) действий со стороны недобросовестных перевозчиков – Посредников (перепродажа, искусственный дефицит иностранных разрешений).

В 2019 году Министерством выявлена схема недобросовестных компании представлявших фиктивные сведения об автомобиле получали карточки допуска и иностранные разрешения для перепродажи, что повлекло искусственный дефицит.

Принятыми Министерством мерами с системы ЭПЗ исключено более 1000 ед. АТС в порядка 50 «компаниях», по 14 компаниям судебным решением удостоверения и карточки допуска признаны недействительными, в отношении 8 компании полицией возбуждены уголовные дела.

В связи с несовершенством системы распределения иностранных разрешений и злоупотреблением со стороны недобросовестных перевозчиков и с целью автоматизации выдачи иностранных разрешений Министерством совместно с НПП «Атамекен», СТК «Казлогистикс», КазАТО, общественными организациями, Антикоррупционной службой и Главной транспортной прокуратурой в 2020 году внесены необходимые поправки в НПА, проведена модификация функционала существующей с 2012 года устаревшей подсистемы государственных услуг, в части усовершенствования бизнес-процесса распределения и выдачи иностранных разрешений.

Справочно:

Внесенные поправки в Правила применения разрешительной системы вступили в законную силу с 11 июня 2020 года.

Доработанная автоматизированная система распределения и выдачи разрешений применяется с 1 января 2021 года.

Меры по модификации функционала автоматизированной системы, а также выработка поправок в НПА принимались Комитетом транспорта Министерства совместно с Рабочей группой по совершенствованию разрешительной системы автомобильных перевозок РК в международном сообщении (утвержден приказом и.о. Министра индустрии и инфраструктурного развития РК от 12.03.2020 года № 137).

Справочно: В состав, Рабочей группы вошли: представители государственных органов, ассоциации, НПП «Атамекен», СТК «Казлогистикс», КазАТО, перевозчики. В качестве наблюдателей в рабочую группу включены представители Агентства РК по противодействию коррупции и Главной транспортной прокуратуры РК.

Полученные иностранные разрешения распределяются между отечественными перевозчиками по автоматизированной системе, запущенной с 1 января 2021 года.

Разрешения закрепляются за каждым перевозчиком на год, с предоставлением возможности получения закрепленных разрешений в течение года по мере необходимости и в случае дополнительной потребности предоставлена возможность получения разрешений с резерва.

Для тех перевозчиков, которые не получили закрепление иностранных разрешений на год или полностью использовали закрепленные за ними иностранные разрешения на год, новых перевозчиков или решивших осуществлять перевозки по новым направлениям доступны иностранные разрешения из резерва.

В целях обеспечения прозрачности (исключения коррупционных рисков) распределение иностранных разрешений осуществляется, без участия человека.

Принятые меры позволили обеспечить:

- *закрепление иностранных разрешений за перевозчиками, которые гарантированно могут осуществлять перевозки в течение года;*
- *уменьшение возврата неиспользованных иностранных разрешений;*
- *строгий учет по фактическому использованию перевозчиками иностранных разрешений;*
- *применение расчетов по фактически используемым перевозчиками автотранспортных средств;*
- *применение инструментов для более равномерного распределения между перевозчиками иностранных разрешений в течение года;*
- *исключено неуправляемое распределение иностранных разрешений, получение большого количества иностранных разрешений в одни руки;*
- *исключено фиктивное формирование парка автотранспортных средств;*
- *внедрен принцип стимулирования перевозчиков к своевременному возврату иностранных разрешений исключая (не возврат иностранных разрешений, несвоевременный возврат, возврат с исправлениями, возврат неиспользованными и утеря).*

При этом исключено неуправляемое распределение разрешений, получение большого количества разрешений в одни руки, фиктивное формирование парка АТС и другие нарушения.

Не смотря на принимаемые Министерством мерам по ужесточению требований по распределению, выдаче иностранных разрешений и установлению дополнительных требований в НПА недобросовестные компании подстроились под новые усиленные требования (открывают в каждом регионе по несколько ИП и получают минимальное доступное количество иностранных разрешений и также продолжают осуществлять продажу и передачу третьим лицам).

В связи со сложившейся обстановкой и во исполнение протокольного поручения Премьер-Министра Республики Казахстан от 1 июля 2022 года данного по итогам совещания по вопросам отечественных предпринимателей, касательно усиления требования на получение допуска к осуществлению международных перевозок и иных процедур, приказом Министра индустрии и инфраструктурного развития Республики Казахстан от 13 декабря 2022 года № 715 внесены изменения в Правила допуска к международным автоперевозкам и Правила применения разрешительной системы, в части усиления требований на получение допуска к осуществлению международных перевозок и иных процедур (*далее – приказ*) (приказ вступил в законную силу с 20 февраля 2023 года).

Поправки в приказ разработаны совместно с рабочей группой по совершенствованию разрешительной системы, с учетом предложений, поступивших от отраслевых ассоциации и предпринимателей-отечественных перевозчиков, НПП «Атамекен», КазАТО.

Требования приказа направлены на защиту и развитие отечественного рынка автоперевозок грузов в международном сообщении, приведение отечественных перевозчиков в соответствие требованиям международных стандартов, повышению конкурентоспособности, в том числе автотранспортных средств и водительского состава, исключение искусственного дефицита иностранных разрешений и других нарушений в сфере разрешительной системы международных автоперевозок:

1. Установлены сроки действия:

- допуск без применения иностранного разрешения – 2 года (*перевозки в страны, где не требуется иностранные разрешения и внутри стран ЕАЭС*);
- допуск с применением иностранного разрешения – 5 лет (*перевозки в страны дальнего зарубежья с применением иностранных разрешений*);

2. Установлены дополнительные требования к перевозчикам:

- карточки водителя на тахографы должны быть выданы в РК;
- количество водителей должны соответствовать количеству АТС (*трудоустроенные водители, включая иностранные должны быть в базе учета трудовых договоров Министерства труда и социальной защиты РК*);

3. Дополнены основания отказа в выдаче Допуска и карточки допуска:

- несоответствие количества водительского состава количеству АТС;
- аренда АТС более 2-х раз в течение 6-ти месяцев;

4. Дополнены основания прекращения допуска и карточки допуска:

- передача иностранных разрешений третьим лицам (перепродажа);
- фальсификации, связанной с применением иностранных разрешений (исправления);

5. Дополнены перечень документов для получения Допуска и карточки допуска на АТС предоставлением дополнительно 12 видов документов (*ТТН, СМР, декларация по уплате эмиссии, сведениями об отсутствии задолженности перед органами государственных доходов и др.*).

Предоставление указанных документов для перевозчиков реально осуществляющих перевозочную деятельность в международном сообщении не является нагрузкой, так как эти документы находятся в постоянном использовании при осуществлении перевозочной деятельности.

Данный механизм позволил сформировать единую базу перевозчиков, действительно осуществляющих международные автомобильные перевозки грузов.

Кроме того, в апреле текущего года реализован пилотный проект по выдаче таможенными органами бланков КНР «С» на пунктах пропуска Достык-авто, Нур-Жолы, Кольжат, Бахты и Майкапчагай.

Прием заявления на выдачу перевозчику китайских разрешений вида «С» осуществляется через автоматизированную систему электронной очереди «CarGoRuqsat» территориальными органами Комитета государственных доходов Министерства финансов Республики Казахстан.

Данный механизм позволил добросовестным перевозчикам упростить грузоперевозки с КНР и исключить спекуляцию с местами в очереди и бланками разрешений.

Аналогичный пилотный проект планируется реализовать по выдаче узбекских

бланков разрешений на пунктах пропуска Атамекен, Б.Конысбаева, Казыгурт, Капланбек и Тажен. В настоящее время проект совместного приказа Министров транспорта, финансов и цифрового развития, инновации и аэрокосмической промышленности Республики Казахстан находится на согласовании в указанных государственных органах.

Кроме того, 28 марта 2023 года подписана «Дорожная карта по переходу на электронные бланки разрешения между Республикой Казахстан и Республикой Узбекистан».

Реализация Дорожной карты позволит исключить процедуру ежегодного изготовления бумажных документов (соответствует принципам «декарбонизации» и «зеленой экономики»), упростит процесс пересылки их контрагенту и процедуры их распределения, а также облегчит непосредственное использование бланков разрешений для автоперевозчиков.

18-21 июня в Республике Узбекистан состоялась встреча представителей Республики Таджикистан, Кыргызской Республики и Республики Узбекистан в целях демонстрации технических возможностей системы электронных бланков – AsiaPermit (E-Permit). В рамках данной встречи был подписан Меморандум и Протокол встречи между представителями трех стран.

На сегодняшний день, проводится работа по подписанию Меморандума о сотрудничестве между Министерством транспорта Республики Узбекистан и уполномоченными органами в сфере транспорта Республики Казахстан, Кыргызской Республики, Республики Таджикистан по внедрению информационной системы “Eх-Permit” - электронного обмена бланками разрешений для осуществления международных грузовых перевозок.

Также для свободного обеспечения бланками разрешения отечественных перевозчиков в настоящее время Министерством прорабатывается внесение изменений в нормативные правовые акты в сфере разрешительной системы по реализации выдачи иностранных разрешений по факту перевозки грузов без учета срока создания компании.

В новых требованиях будет предусмотрено приложение к иностранному разрешению, где будет отражаться информация о наименовании перевозчика, юридический адрес, марка и государственный номер автотранспорта, маршрут движения. Реализация указанного порядка позволит в корне исключить возможность перепродажи иностранных разрешений на теневом рынке и обеспечить добросовестных перевозчиков иностранными разрешениями согласно реальной потребности.

Работа направленная на защиту и развитие отечественного рынка автоперевозок грузов в международном сообщении будет продолжена.